


№15
Солнечный
сайлау
округінен
Екібастұз
қалалық
мәслихатына
депутаттыққа
кандидат



ӨМІРБАЯНЫ

Мен, Қапасов Ермұрат Қасымбайұлы 1968 жылы 1 қаңтарда Семей облысы Ақсуат ауданының Құлбабас ауылында туғанмын. 1985 жылы осы ауылдың қазақ орта мектебін алтын медальмен бітіріп, сол жылы Семейдің мемлекеттік медициналық институтының емдеу факультетіне дәрігер - хирург мамандығы бойынша оқуға түстім.

1986-1988 жылдары Отан алдындағы әскери борышымды Совет Армиясының қатарында Қырғызстан республикасында өтедім.

1993 жылы Семей мемлекеттік медицина институтын бітіріп жолдамамен Екібастұз қаласына келіп, қалалық орталық ауруханада еңбек жолымды бастадым.

1993-1995 жылдары осы аурухананың хирургия бөлімшесінде хирург болып жұмыс істедім.

1995 жылы Солнечный кентіне бас дәрігер болып қызметке келдім. Осы уақытқа шейін сол қызметте істеймін.

Үйленгенмін, екі ұлым бар.

ҚАПАСОВ ЕРМҰРАТ ҚАСЫМБАЙҰЛЫ

“Аманатқа адал болу - борышым!”

БАҒДАРЛАМАСЫ

Еліміздің экономикасы жылдан - жылға қарқын алып, халықтың әл-ауқаты айтарлықтай жақсарып келеді. Әйтсе де, әлі де шешімін таппаған, назардан тыс қалған өзекті мәселелер аз емес. Құрметті сайлаушылар, егер сіздер алдағы сайлауда маған сенім білдірсеңіздер, онда халық қалаулысы ретінде мен төмендегі мәселелерді шешуге күш жұмсар едім:

1. Екібастұз қаласы мен оның ауылдық аймағы медицина мекемелерінің материалдық -техникалық базасын нығайтуға өкілетті және атқарушы биліктің айрықша көңіл аударына, сол арқылы осы мақсатқа бюджеттен қомақты қаржы бөлуіне ықпал ету;

2. Бүгінгі күні жұртшылықты маскүнемдік пен нашақорлық мәселелері алаңдатып отыр. Осы орайда қоғамға қауіпті кеселдерге қарсы пәрменді іс-шаралар бағдарламасын жасап, оны жүзеге асыруға қоғамдық бірлестіктер мен жұртшылықты жұмылдыру;

3. Ана мен бала денсаулығының қорғалуына ықпал етіп, көп балалы отбасылар және ауыл балаларының жазғы демалысын ұйымдастыруға жергілікті бюджеттен мақсатты қаржы қарастырылуына күш салу;

4. Қазіргі уақытта медицина мамандарына зәрулік сезілуде. Сол себепті, Екібастұз өңіріне келген жас мамандарға тұрмыстық-әлеуметтік жағдай жасалуына ықпал ету;

5. Солнечный кентін абатандыру, су және жылумен жабдықтау жүйелеріне жөндеу жұмыстарын жүргізуге мақсатты қаржы бөлінуіне ықпал ету;

6. Екібастұз қаласынан Солнечный кентіне, Ақкөл, Төртүй, Тай ауылдарына қатынайтын жолдарды жөндеуге қаржы бөлінуіне қол жеткізу.